



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№1 (1) 20.12.2013



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



Құрметті оқырман!!!

Сіздерге ұсынылып отырған Қазақ Ұлттық Өнер университетінің «Шабьт» журналы өнер төңірегіндегі мәдени жаналықтарға негізделген. Басты мақсаты - университет ішіндегі және өнер саласына қатысты өтіп жатқан іс-шаралардан мағлұмат бере отырып, көрнекті тұлғалардың ой-пікірімен қатар жас таланттардың шығармашылығын дүйім жұртқа насихаттау. «Шабьт» журналынан рухани азық пен тәрбиелік маңызы бар ақпараттар легін қамти аласыздар деген үміттеміз!

Құрметпен, журналдың редакторы
Гүлім Көпбайқызы

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - ҚР халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Мейрамов Т.У. - ҚР халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. – ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Нөгербек Б.Р. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан
Тілшілер: Қуат Ежембек
Балжан Бекмағамбет
Мирас Әбіл
Александра Поршнева
Камила Габдрашитова
Жанель Ризабекова
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru





МАЗМҰНЫ

Айман Мұсаходжаева:
«"Шабыттықтарға" шалқар шабыт тілеймін!»
4 бет

Қиял көкжиегі:
Болатбек Салаев
5-10-15 бет

Мирас Әбіл:
«Ортамызда"Ортеке"»
6 бет

Әшірбек Сығай:
«Драматургия қайтсе дамиды?!»
8-9 бет

Олжас Ибраев:
«Жүрегі «қазағым» деп соғатын жігіттеріміз көп болса екен...»
12 бет

Мақсат Нұрмұхамедов:
«Ашылмаған жүрек сыры...»
13 бет

Бердімұрат Сайлаубек:
«Оралу»
14 бет

Гүлім Көпбайқызы:
«Бауырлықтан бас тарту ма?»
16 бет

Гүлназ Ләмбек:
«"Ғасырдан да ұзақ күн" - астаналық сахнада»
17 бет



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«ШАБЫТТЫҚТАРҒА» ШАЛҚАР ШАБЫТ ТІЛЕЙМІН!

Мұсаходжаева Айман Қожабекқызы
Қазақ Ұлттық Өнер университетінің ректоры,
Қазақстан Республикасының халық артисі, Қазақстан Республикасы
мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор

Қадірлі оқырман қауым!

Университет студенттерінің бастамасымен жарық көріп отырған «Шабыт» журналына ақ жол! Өнер саласында белең алып жатқан айтулы іс-шаралар мен болашақ жас мамандардың шығармашылықтарынан сыр шертетін журнал әр қайсыңызға рухани азық бере отырып, салиқалы ақпараттардан хабардар ететіні сөзсіз. Өнер ордамыздағы ұлағатты ұстаздарымыз бен талантты студенттеріміздің бастарын бір арнаға қосып, жеткен жетістіктері,

асар асулары мен бағындырған белестерін насихаттайтын «Шабыт» журналының ұжымына шалқар шабыт тілеймін!

Бүгінгі қолжазба - ертеңгі тарих. Әр өнер иесі шығармашылық жолындағы еңбегін студенттік жылдарынан бастауы шарт. Университетімізде білім нәрін бойына сіңіріп, таланттарын шындап, республикалық конкурстар мен әлемдік ареналарды бағындырып жүрген шәкірттеріміз қаншама. Бұл біріншіден, оқу орнымыздың мәртебесін өсірсе, екіншіден, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Үшіншіден, егемен еліміздің өркендеуіне бірден бір себепкер жандар болатыны айқын. Сондықтан да, әр жеткен жетістігіміз ертеңгі күнге естелік болып қалуы хақ. Осы жауапкершілікті қолға алып, өнегелі өнеріміздің тарих беттерінде қалуына ат салысып жатқан жастарға тілерім: жанымызды жадыратар жағымды жаңалықтар көп болып, қаламдарыңыз ұштала берсін!





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



Журналымыздың алғашқы санында оқырман назарына «мүсін» мамандығының III курс студенті Салаев Болатбектің жұмыстарын ұсындық.



«Балалық шақ»
(ағаш)



«Сағыныш»
(ағаш)



ОРТАМЫЗДА «ОРТЕКЕ»

Қараша айының 23-25 жұлдыздары аралығында Астана қаласында алғашқы рет «Ортеке» III халықаралық қуыршақ театрларының фестивалі өтті. Аталмыш шараға өз елімізден Алматы, Астана қалаларының, «Алақай» Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарының қуыршақ театрлары және де Беларусь Республикасынан келген Гомель, Іәм Башқұрт мемлекеттік қуыршақ театрлары өнер көрсетті. Қазылар алқасы құрамында театртанушы Амангелді Мұқанов, Ресейдің мәдениет қайраткері Санкт-Петербург қаласының қуыршақ театры факультетінің деканы, профессор, режиссер Николай Наумов, Қазақстан Республикасының суретшілер одағының белді мүшесі Маяра Дәуренбаева, Чуваш республикасының еңбек сіңірген артисі, режиссер Юрий Филлипов және режиссер Серікбай Мақұлбеков болды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ ТЕАТРОВ КУКОЛ
INTERNATIONAL PUPPET THEATRE FESTIVAL

Фестивальдің алғашқы күні Ақтөбелік «Алақай» қуыршақ театрының «Дала аңызы уа, Алдар!» атты қазақ халық ертегісін тамашалады. Алдар - музыкалық, көңілді көрсетілім. Дегенмен, атақты Алдарымыздың жаны қазақ болса да, қазақшаға акценті бар екен. Бірақ қойылым өте сәтті шыққан. Хан ролін ойнаған актер өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде орындап шықты. Ханның мінезін, болмысын, үнін нәзік тұр -

ғыдан өзгеше ізденістер арқылы көрсетуге ұмтылған актердің шығармашылық жолында еңбек еткені анық көрініп тұрды. Ал, Белорус республикасының Гомель мемлекеттік қуыршақ театры қойған «Чаодейный рюкзачок» ерекше қойылым болды. Бар жоғы үш актердің сахнада кереметтей үйлесімді ансамбль құруы көрермен назарын тандандырмай қоймады. Ұжымның ұйымшылдығы мен алдарына үлкен талап қоя білетіндігінен жинақылық бірден байқалды. Солтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театры сахналаған Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» туындысы да өз деңгейінде қойылды. Айтарлық, сахна безендірілуінен суретшінің жақсы жұмыс жасағанын аңғарамыз. Өз әлеміңнен тыс бала әлеміне тап боласың. Қойылымның финалында, бала рөліндегі актер қолынан қуыршағын шешіп, «Армысың, Ақ кеме! Бұл келе жатқан мен ғой!», - деп айқайлайды. Демек, дүниедегі әр сәбидің өзінің «ақ кемесі», яғни арманы бар, ал кез келген аңдаусыз айтылған сөз бала арманын күл талқан ете алатынын еске салады. Шынымен де қойылымның көтерер жүгі, айтар ойы үлкен. Ал өзіміздің Астана қуыршақ театры «Арыстан патша» спектаклін ұсынды. Қойылымда мүлдем қуыршақ ойнатылмай, маска киген актерлер кәдуілгі адами бет-бейнемен жұмыс жасады. Ал өз басым бұл тәсілді аса бір тапқырлық деп санамаймын. Қуыршақ театры фестивалі болғандықтан қуыршақпен жұмыс жасауға мән берген дұрыс. Соңғы қойылым Маңғыстау облыстық қуыршақ театры алып келген Т.Жарылғаповтың «Сұр мерген» аңызы. Суретшісі Гүлнар Қанафина кейіпкерлер киімін келісті жасаған. Сол үшін «үздік суретші жұмысы» номинациясымен де марапатталды. Ал, қоюшы режиссері Н.Насыроваға аздаған көңіл толмайтын көріністерге айтарым бар. Қуыршақ театры бала психологиясына әсер ететіндігін ескеріп, сахнадағы өлімді азайту керек. Кішкентай көрермендерге бұл аса зиянды көрініс. Мергеннің аспандағы аққуларды атып құлатқаны аздай, аңдарды сахнада пышақпен өлтіруі кейбір сәбилерге қорқыныш ұялатқанын олардың сол сәтте жылап жібергенінен аңғарасың.

Сонымен өнер додасының жабылу сәтіне де уақыт жетті. Бас жүлдені қазылар алқасы ақылдасып Астана қуыршақ театрына беруді ұйғарды. Қалған өнер ұжымдары әр түрлі номинацияларға ие болды. Осы өнер сайысы одан әрі жалғаса береріне кәміл сенемін. Жеңістерің құтты болсын Астана қуыршақ театры!!!



Мирас Әбіл



«ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

Қараша айының 14-ші жұлдызы күні университет қабырғасында «Ұлттық болмыс, ұлттық құндылықтар» тақырыбы аясында болашақ жас мамандардың пікірталас жиыны өткізілді. Атылмыш шара үстінде өзекті мәселеге айналған, бағасын жоғалтып бара жатқан өзіміздің рухани құндылықтар жайлы сөз болды. Ұлттық болмысымыз тым құрығанда көгілдер экран мен театр сахналарында сақталып жатыр ма? Жоқ па? Осы сынды сауалдар төңірегінде толыққанды талқылаулар болды. Қай ұлт болсын төл тарихы мен көне ата - бабаларынан аманат болып қалған салт-дәстүрі мен бағалы екені айқын. Пікірталас клубының алдындағы мақсаты да осындай жайттарды жастардың санасына сіңіру еді барынша. «Теледидар арқылы берілетін көптеген бағдарламалар халыққа тиімді нәтиже беріп, оңтайлы іс атқарып жатыр ма?», деген сұрақтарда назардан тыс қалмады.

Әрине, әр адамның ойы бір арнадан тоғысуы мүмкін емес. Мұны біреулер құптаса, енді кейбірі қарсылық танытты. Өйткені, қазіргі таңда сапасы төмен бағдарламалармен қатар жүрек түкпіріне рухани нұрын шашып жүрген «Жансарай», «Білгенге маржан», «Таңшолпан» сынды бір қатар ұлт үшін ұтымды бағдарламалардың да беріліп жатқаны ескерілді. Сондықтан бұл төңіректегі мәселер жайлы сөз еткенде алуан ой, бірнеше ұғымдардың тарағанын заңдылық деп түсіндік. «Сондай-ақ, қарттардың қоғамдағы рөлі қандай?», ананың балаға берер тәрбиесі жөнінде де толғаныстар жоқ емес екені де, жиын барысында қамтылып, қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік маңыздылығы жайында да айтылды. Мысалға асық ойыны алынды. Ол баланы мергендікке, батылдыққа, төзімділікке икемдейді. Асық ойнап өскен жеткіншек қысталаң шақта пайдалы шешім шығара алатын адам болып қалыптасады. Ендеше осындай ғаламат ойындарымызды қолымыздан шығарып алып, өкінішке батып жүрмейік.

Ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудан шаршамайық. Ұлттық болмысымыз ғасырдан ғасырға жалғасу үшін ұрпағымызды қазақы салт-дәстүрден мақұрым етпей, қазақша ойлап, қазақша сөйлеуге ұмтылдырайық.



КӨЗДЕН КЕТІП, КӨҢІЛДЕ ҚАЛДЫҢ МӘҢГІГЕ...



Күні кеше ғана арамызда жүр едің... Көңілінде ешбір кірбің, жүрегінді торлаған бірде - бір тозанның белгісінде жоқ еді ғой. Иә, осыдан үш жылдан аса уақыт бұрын сахнаны тұғыр тұтып, болашақта осы сахнада өмір сүруді аңсап, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің актерлік мамандығына түскенінде есімізде. Сол кезде сені дәл бүгінгідей арамыздан жоғалтып аламыз деп, кім ойлаған? Оған сене алмаймыз да. Бірақ амал нешік? Жазмыштың маңдайға жазғанына көнеміз ғой. Достарың, тірекші жандарың өзінді мәңгілік сапарға аттануына көнбестік танытып, ажал аузынан аман алып қалу үшін барын салды. Дегенмен де, пенде болғасын әубастан пешенемізге берілген тағдырды өзгерту адам қолынан келмейтін іс екен. Не дерміз? Неге қыз ғұмыры қысқа болды мұншама?

Ақкөңілді, адалдығы талайға үлгі болар адам едің сен.... Қара жамылған кайғылы күні, яғни өмірден өткен шағында аспаннан Алланың әмірімен жауған аппақ қарлар сенің кіршілмеген таза арынның дәлеліне баладық. Бірақ, неге тым ерте ортамыздан ұзап, кете бардың? «Жарығым-ай», деп, артында ата-анаң мен құрбыларың қала берді шарасыз. Енді қайтіп, сенің жарқын жүзінді көру мүмкін болмайды деген суық хабарды естігенімізде қабағымызды мұң шалып, жан-дүниемізде кайғы орнағаны да ақиқат. Қош бол дедік... Қош дедік, жанарымызға жас алып. Қимасақта, жүрекке қаншама ауырлық салса да, солай етуге мәжбүр болдық. Соңғы сапарда жолын болсын дейміз.

Айналайын Акерке!!! Құрбы - достарың сені қашанда есіне сақтап, санасынан шығармайды. Көзден кетіп, ғайып болдым демеші. Көңілімізде қаласың - ау, мәңгіге...

Қимастық көңілмен: құрбы - достарың



ДРАМАТУРГИЯ ҚАЙТСЕ ДАМИДЫ?!

Танымал театр сыншысы, ҚР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор - Әшірбек Сығай

-Әшірбек аға, біз қазақ театрының деңгейін көтеретін пьесалар жазылмай жатыр деп, көп естиміз. Бұл мәселе неге жиі көтеріледі? Аталмыш ойлар шындыққа жанаса ма?

- Бұл бізге мәңгі өзгермейтін актуальді мәселе болып тұр. Кез-келген сұхбаттарда, кез - келген жыйындарда осы сұрақ алдымнан шығады. Жақсы пьесалар дым жазылмай жатыр десек, ауызды құр шөппен сүрткеніміз. Жазылып жатыр, бірақ жеткіліксіз деп айтсақ, шындыққа жақын. Өйткені жақсы пьеса күнде тумайды. Драматургия жазудың қыйындығын У. Шекспир, А.П. Чехов, М.О. Әуезовтен кейін түсіндіріп айту ауыр соғады. Өздерің білетіндей, А.П. Чехов: «Енді көрмегенім драматургия жанры болсын», - деп, бұл жолдан безініп, қырымға қашқан. Оған себеп, сонау Санкт - Петербург қаласында оның «Шағала» туындысы сахналанып, осал режиссурасы үшін, қатты сынға ұшыраған. Ал, енді бірді - екілі тамаша жазылған шығармалар Қазақстанның елуден аса театрына азық бола алмайды. Ұлы ақын жазушыларымыз жайлы жазылған шығармалар жоқтың қасы. Қайда Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы туралы пьеса? Сахнадағы олардың көркемдік болмысын ұрпақ білмейді. Сахна деген саналы, салиқалы, салмақты өнер. Сахнадан көркемдік бояуымен қанық етіп, бүкіл нақышымен беретін, ол кісілердің образдары жоқ. Сондықтан ештеңені де, ешкімді де көпсінбеу керек. Сондай-ақ, бүгінгі арамызда жүрген кейіпкерлерді де назардан тыс қалдырмау міндетіміз. Екеуін қатар алып жүрген жөн.

- Елімізде әліде болса елуді еңсеріп, алпысты алқымдаған драматургтер, неге жас қаламгерлер атанып жүр?

- Себебі ауыз толтырып айтатындай жас драматургтер жоқ. Сол баяғы айтатынымыз Дулат Исабеков, Сұлтанәлі Балғабаев, Иран-Ғайып, Исраил Сапарбаев, Серік Асылбек, Роза Мұқанова. Жастардан Данияр Саламат біраз көрініп еді. Қазір ол да киноға ауысып кетті. Оларды ешкім үркітіп, қорқытпайды. Театрдың міндеті басқа. Оның төріне шығу оңай шаруа емес. Көркемдік кеңес талқысына, ұжымның талабына, режиссердің ұсынысына, артистердің пікірлеріне жас қаламгерлер төзе бермейді. Одан да өлеңімді жазып, прозада тыныш жүре берейін деп, көбісі драматургияға жоламауға тырысады. Төзгендер ғана театр биігінен көрінеді.

- Жас драматургтеріміздің туындыларын театр сахнасының төрінен көруіміз үшін, қандай жұмыс жасау керек?

- Бастысы театрмен тығыз байланыс орнату шарт. Біріншіден, театрды сүйіп, спектакльдерді жиі тамашалап, актерлік, режиссерлік құраммен танысып, өзара қарым-қатынас орнату керек. Сосын театрларымыздың маңында жас қаламгерлерді топтастыратын, шығармашылығын шындауға септігін тигізетін, жолын ашып отыратын зертхана болу қажет. Және де ол міндетті түрде әдебиет бөлімінің, абзалы театрдың көркемдік жетекшісінің жанынан ашылуға тиісті.

- Жасыратыны жоқ. Драматургтеріміздің көбі комедия жанрындағы пьесалар жазуға бара бермейді. Осының себебі неде деп ойлайсыз?

- Жалпы комедия ұмыт қалды ғой. Қай халық болсын күлгенді ұнатады. Күлкі денсаулыққа тиімді. Кісіге дем береді. Бірақ бұл жанр тым әлсіреп, өлместің күйін кешіп тұр. Қазіргі таңда күлуді мүлде естен шығарып бара жатырмыз. Комик актерлердің де қатары сиреп барады. Комедиялық пьесалар жазылмағаннан кейін, артистер күлдіргі рөлдерде ойнамағандықтан табиғат берген мүмкіндіктерінен





айрылып, өздерін басқа қырынан көрсете алмауда. Комедия жасауға қазақ қаламгерлері де, режиссерлері де, киношылары да сарандық танытып отыр. Себебі бұл оң жаңбасқа оңтайлы іс емес екені айқын. Бұл жанр керемет шынайылықты, органиканы, баладай сенгіштікті талап етеді. Және де режиссер де, актерлер де сондай болу керек. Көрермен сәбише сеніп отыру қажет-ақ. Ал, өнер сүйгіш жандарды сендіру үшін шеберлік, тағы да талант керектігі хақ. Барлық деммен кіріссе ғана нағыз комедия шығады. Осы жағынан бізде көбі еріншектік танытады. Содан барып, әрине комедия дамуы түгіл, жоғалуға айналды.

- Сіздің ойыңызша қазіргі кезеңде классикалық шығармалар өз деңгейінде қойылып келе ме?

- Мен бұл сауалына ойланбастан жоқ дер едім. М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының өзінде соңғы жылдары қойылған «Еңлік-Кебек» көңілдегідей болмады. Алдында Жанат Хаджиев, одан барып Хұсейін Әмір - Темір сахналады. Екеуі де ысылған, төселген сақа режиссерлеріміз. Бір өкініштісі, спектакльдің сахналық деңгейі өзінің керекті шырқау шегіне көтерілмеді. Демек, көрермендеріміз ләззат ала алмады. Жүдеу шықты. Біз күткен талаптан төмен көрінді. Енді келіп, жақында Ғабит Мүсірепов атындағы жастар театрында М. Әуезовтің «Қарагөзін», Талғат Теменов «Ай, Қарагөз» деп қойыпты. Атын, уақытын, гримін өзгерткенімен классик шығармалардың биігі сақталуы парыз. Жазғышсың ба, өзің жеке туындыны қағаз бетіне түсір. Ал, бір-екі сөз қосып, немесе шамалы кейіпкерлерді ауыстырып, автордың жанына өз есіміңді қатар қоюға түбегейлі қарсымын. Классикалық пьесаларға өзіндік көз қараспен емес, халықтық өлшеммен бару керек. Егер қара бастың қамымен дегенімізді жасай берсек, ғажап шығармалар аяқ асты болып кетеді. Шекспир, Мольер шығармаларына қаншалықты жауапты қарасақ, төл драматургтеріміздің туындыларына да сондай аса құрметпен қарауымыз керек. Тарихқа енген М. Әуезовтің алты - жеті пьесасы бар, соның барлығын қойып бола алдық па? Соны қазбалап, соңынан қалмай зерделеп жүрген режиссерлер бар ма? Әрине жоқ. Тиіп - қашып, қойып жатырмыз. Бірақ арнайы Әуезов, Мүсірепов, Мұқанов мектебін сала алмадық. Тіпті қайсыбір режиссерлеріміз ғұмырын аталмыш драматургтердің мұраларына арнауға да болады. Сонда классиканың не екенін өскелең ұрпақ сезінеді. Шын мәнінде, Әуезов қаламынан туған қайталанбас туындыларға терең оймен барған дұрыс.



- Қайтсек, драматургиямызды дамытып, театр репертуарын өркендетеміз?

- Фестивальдер ұйымдастырса, үкімет тарапынан қаражат қаржы бөлінсе нұр үстіне нұр болар еді. Алматы қаласындағы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясында, Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінде шәкірт даярлап жатқан ұстаздар, Әкім Тарази, Дулат Исабеков, Сұлтанәлі Балғабаев, Роза Мұқановалар игі дәстүрді үдете түссе деймін. Қаламгерлер арасында байқаулар өткізіп тұруды әркез дағдыға айналдырсақ, бұл тығырықтан шығармыз деп, ойлаймын. Төзім, уақыт аралығы бәрін де көрсетеді. Аянбай еңбек етсек, жылдар өте жемісін көреміз...

- Әңгімеңізге рахмет!!!

Сұхбаттасқан: Қуат Ежембек





«Балдаурен»
(ағаш)



«Композиция»
(пластилин)



«Композиция»
(пластилин)



«Портрет»
(балшық)



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРБАНДАРЫ

Журналдың бұл айдарын бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылатын «Желтоқсан көтерілісшілеріне» арнамақпыз. Желтоқсан көтерілісі - 1986 жылы 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық қимылдары. Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінің 1-хатшысы Г.В. Колбинді ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. 17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И.Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған “Құйын - 86” операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар. Бостандық таңы үшін жанын берген біздің батыл да батыр аға-әпкелеріміз ұрпақ жадында мәңгі қалады!

БҰЛ БАБАМНЫҢ ЖЕРІ...

Төрткүл дүниені тұлпардың тұяғымен дүбірлеткен,
Кербез күйін күмбірлеткен.
Рухты бабаларым...
Жаны жомарт ағаларым,
Бай мұрасымен асқақтаған.
Ал ерлерім намысын тапталпаған,
Бұл бабамның жері әр қиядан жүріп өткен.

Жазира дала, Қазақстан!!!
Аз болды ма, ерлерің жаза құшқан?
Қарсы келген жауды жеңдің,
Бірақ та зор тауқыметін.
Біледі ұрпақ қайғынды,
Біледі жөне қаһарынды, айбынды.
Кешір жерім, кеш енді,
Сатқындарың болса егер кешегі.
Құшшы қане, қойнындағы тұлғаларды тірлікте,
Елімізді шақырам деп бірлікке...
Мандайына сыймай кеткен халқымның,
Құшатындай күнін туды, айтуға мен талпындым...

Бұл бабамның жері...
Кәусәр бұлақтай жаны таза халқымен,
Ерлер мінезі теңелмейтін алтынмен.
Алатауы бар аспанмен иық тірескен,
Көне тарих жерім үшін батырым бар күрескен.
Шайқасқа түскен батырларым қаза боп,
Өзіңе барад тағатын саған жаза жоқ.
Соларды қарсы ал күлімдеп...
Хақым да жоқ, қойнауында бүлінбек.

Алпауыт жерім, сырынды ақтар сырынды,
Келмейді дәурен, келмесін енді бұрынғы.
Өзіңе арнап өлеңмен өрнек тоқыған,
Есіңе ал, ізеттілігіңмен ұлынды.

ОТАН АНА!!!

Көрдін.

Білдің.

Ұқтың.

Қыйын қыстау уақытты,
Көкірегін бір кездері
қанға толып жатыпты.
Бірақ – бірақ еш жауынан қайтпаған,
Батыры көп, елім неткен бақытты.


Ғанибет қой, шексіз қиыр, сағым дала көлемін,

Дамылдайды өр арқанда өренің.
Мен бақытты өзгелерден іздемей,
Тек сендегі адамдардан көремін.

Жас інішек тәуелсіз туды тұғыр етіп, үмітінді
жалғада,
Қолыңды соз арманға...
Отансыз жан,
Ол опасыз жан...
Жете қоймас мұратына жалғанда...
һәм білсеңіз жол таппайды самғарға
Көңілі жүрер алаңда...
Бару үшін небір заңғар қадамға,
Ең өуелі өз Отанын сүю керек адамға...



ОЛЖАС ИБРАЕВ: «Жүрегі «қазағым!» деп соғатын жігіттеріміз көп болса екен...»



2013 жылдың көктемінде Хабар арнасының бастамасымен республикалық «Жігіт сұлтаны» байқауы өткені баршамызға белгілі. Университетіміздің намысын қорғауға аттанған үміткерлеріміздің ішінен «драма» бөлімінің 3 - курс студенті Олжас Ибраев «Жігіт сұлтаны» атанып, дүйім жұртшылықты дүр сілкіндірді. «Жігітке жетпіс өнер де аз» - деп, қазақ атамыз бекер айтпаса керек. Сайыс талабына сай іріктелген 19 бен 25 жас аралығындағы, бойы 170 см-ден биік, талантты жігіттердің тартысында оза шапқан Олжас автокөлік еншіледі. Жеңімпаз тартымды сайыстың қызықты сәттерін еске алып, өткен күндерге көз жүгіртті:

«Жатакханада теледидар жоқ қой, бұл жаналықты ата-анам ұялы телефонмен хабарласып, «Балам, бағынды сынап көр», - деп ұсыныс білдірді. Туған жерім Хромтаудағы іні- бауырларым да менің қатысқанымды қалады. Осылайша кастинг өтетін жерді іздеп барып, сайыскерлердің қатарына іліндім».

Оның басты мақсаты өз өнерін ортаға салып, талантын таныту еді. Ал жеңімпаз атанғаны - Алланың бұйырғаны.

«Мен сайыстың ашық түрде, түсіріліммен өтетіндігінен хабарсыз едім. Оны қасымдағы жігіттерді ертіп, кастинг болатын жерге барғанымызда бірақ білдік. «Еш уақытта кері жүрмеу» деген өмірлік ұстанымым бар болатын. Сондықтан да, достарымның «жөндеп киініп, дайындалып келейік» дегеніне көнбей, бірден сахнаға шығып, бағымды сынадым. Ұстанымым алдамады».

Қатысушылар бір-біріне шынайы тілекші болды, басты мақсаттары жену емес, кім жеңсе де соған адамгершіліктің биік сатысында құрмет көрсету еді.

«"Жігіт сұлтаны" атанғанымға әрине қуандым, бұл жалғыз менің жеңісім емес, менің құрметті ұстаздарымның, ата-анамның, ағайындарымның, маған шынайы жанкүйер болған дос-жарандарымның ортақ табысы деп білемін».

Олжастың артынан еріп келе жатқан іні-бауырларына айтар тілегі:

«Аталмыш сайыстың негізгі мақсаты - жастарды шетелге еліктеп кетпей, ұлттық болмыс пен қазақ жігітіне тән қиеттерді насихаттау болатын. Сол себепті де өзімнің құрдастарыма, күллі азаматтар қауымына айтар тілегім - жүрегі «қазағым» деп соғатын жігіттер көп болса екен!»



Әңгімелескен: Балжан Бекмағамбет





Ашылмаған жүрек сыры...

Көрдім сені арасынан тұманның,
Сол бір сәтті көңіліме құп алдым.
Тек іштегі ерік бермей сезімге,
Періштені көргенімдей қуандым.

Бәлкім менің еш сезімім жоқ шығар,
Бірақ сені бір көруге құмармын.
Сен дегенде қиқулаған қыранмын,
Сен дегенде шыңға біткен шынармын.

Тағдыр бізді талқысына салған-ау,
Тек өзіңмен қиялымда сыңармын.
Бақыт деген сірә осы деп білем,
Уақыт келсе құз басынан қуармын.

Жүрегімді жараламай жылатпай,
Көз алдында елес болып тұрармын.
Бұл сырымның шегі де жоқ, шегі жоқ
Алда әлі бір өліп бір туармын.

Күн дидарлы көріктім ау мен саған,
Сірә, ғашық болып қалған шығармын.
Былай қатты берілмейін сезімге
Шыдау керек ол үшін көп төзімге.

Менің барлық жүрегімнің сырлары,
Сенің тұнық мөлдіреген көзінде.
Мені мұнша ынтықтырған еріксіз
Бір құдірет бар-ау, сірә өзінде...

Қос бұрымың кереметтей өріліп,
Жанарыңнан күн сәулесі төгіліп,
Ерке мінез елік көрем өзінді
Үйірінен қалып қойған бөлініп.

Саған деген сезім кетті дал болып,
Қабырғамның көк етіндей сөгіліп.
Қайран сезім құдіретті болғанмен
Қалар бір күн қара жерге көміліп.

Қапияда жүрегімді жаралап,
Қайдан маған қалдың екен жолығып?
Біз екеуіміз қосылмаймыз дегенмен,
Бас тартқаным емес бірақ сенен мен.

Құлағымнан күндіз-түні кетпейтін
Әрбір сөзің жүрегіме берер дем.
Өзіңменен дидарласқан шағымда,
Сезім менен сенімдерім теңелген.

Мына мендей жан бар ма екен жалғанда?
Дәл өзіндей кереметке кенелген.
Ал мен жайлы білгің келсе егер де,
Сырласарсың осы жазған өлеңмен.

Мен өзіңе тілеймін тек пейішті,
Көңілімнен көбелектей күй ұшты.
Сенің әрбір сөзің қорған мен үшін,
Шатырмен жабылғандай үй үсті.
Білерім тек саған қолы жеткен жан
Бақытты жан болуға әбден тиісті...



Мақсат Нұрмұхамедов



Оралу

Жадыраған жаз айлары іріктеліп, уақыт айналаны алтынмен көмкерген күз айына ойысқан шақ. Аспан жерге айналып түскендей, ми қайнатар ыстық бұл күндері кеми бастаған. Ұшы қыйыры көз жетпес ну орман. Бұйра жалды толқынға ұқсас сары шапан жамылған, ақ балтырлы сұлу қайындар мен орман ағаштары тербеліп тұр. Көз жетер жердің бәрі осындай. Төңірекке таңырқай қарайсын. Барлығы да көздің жауын алып тұр. Міне осы табиғат ана өзінен пана іздеп келген жандарды ешқашан кеудесінен қаққан емес. Керісінше оған құшағын айқара ашып, жан бағып өмір сүруіне мүмкіндік береді. Керек десе тау болсын, тұңғйық теңіз, ну орман болсын осылардың бірінің патшасы етіп қояды. Осыдан жиырма жыл бұрын сықырлаған сары аязды күні, орманнан он бес шақырым жердегі Нарынбет ауылынан келген Сағи қарт, қазір осы орманның тұрақты тұрғынына айналды. Жиырма жыл ішінде Сағидың бармаған жері, баспаған тауы, ауламаған аңы қалмады. Орманның әрбір жерін жатқа біледі.

Таң құлан иектене бастаған кез. Түнімен мазасы кеткен Сағи қарт, енді ғана көзі ілініп қалғып бара жатып, жын соққандай басын дереу көтерді. Үрейлене айналасына жалт қарады. Баяғы өзінің жаман лашығының іші екен. Гулдеп соққан жел мен тырс-тырс етіп, жаман лашығының төбесінен аққан жаңбыр тамшылары болмаса, түнімен жауған нөсер баяғыда басылыпты. Осында өткізген жиырма жылының соңғы екі жылы Сағи қарт үшін алдыңғы жылдарына қарағанда, әлде қайда ауыр тиді. Селсоқ тартып қартайғандықтан ба, әлде осыдан бірнеше жыл бұрын туған ұлы мен келінінің оған жай ғана қара томарға қарағандай меңсінбеушіліктерінен шаршап, туған ұлының алдында әкелік қасиетін жоғалта бастағанын сезіп, көзге шыққан сүйелдей болмайын деп, үйінен баз кешіп кеткендігін ойлағандікі ме, аурып, сырқаттанудан көзі бір ашылмады. Міне, қазір де Сағи қарттың денесі лашығында болғанымен, ойы өмірінің соңғы күндерінде ұлы мен қара домалақ немерелерінің мандайларынан бір иіскесем деген армандармен қиялды жетегінде. Лашығының тесігінен келіп сығалаған күн сәулесі ой елегінен оятып жібергендей. Сағи айналасына көз тастап еді, лашық ішіне боз сәулелер жүгіріп, айналасындағы тастар мен лашыққа өң беріп тұрған жапырақтар тіріле бастапты. Жан-жағына барлай қарап отырған күйі, кенет оқыс түршігіп, тісі сақылдап кетті. Денсаулығының сыр бере бастағанының белгісі болатын, бірақ өзін-өзі жұбатпақ болып, «тоңып қалғаннан болар», - деп жорыды. Қалшылдап тісі-тісіне тимей отыр, бүрсең-бүрсең етіп орынынан тұрды. Буынында өл жоқ, қайта отырды. Қайта-қайта есінеп, әжім басқан бетін уқалай береді. Демін ішіне тартып ұзақ отырды. «Е, Алла жарылқай көр өзін», - деп күбірлей сөйлеп, лашығынан сыртқа шықты да, кеудесін керіп, терең дем алды. Жаңбырдан кейінгі ауа тап-таза, терең тыныстасаң қолқаң ашып, тамағын жыбырлайды. Сағи қарт біраз тыныстап өзіне-өзі келгеннен соң, иығына мылтығын асынып, таңғы асын іздеген орманың бұратылған аш қасқырындай, аяғын әрең басып, бүкшендеп қайындар арасына кіріп кетті.

Күн аспан төріне шарықтай шығып, шаңқай түске ауысқан уақыт. Орман іші ала көлеңке, елең-алаңдағы бір тылсым шақ. Аспан ашық. Көкпеңбек. Жуылған кірдей тап-таза. Бір түйір де бұлт жоқ. Алыстан шырылдаған бозторғай үні ғана естіледі. Сағи қарт басы салбырап көлеңкеде отыр. Ынжырғасы түсіп кеткен, көңілсіз. Кешеден бері нәр татпаған еді. Бір жағынан шөлде қысып отыр, және ойда жоқта тап болған бөкен де оқ дарытқан жоқ. Сағи қарт «уһ» - деп ауыр күрсінді де, қолындағы мылтығын жерге тастай салды. Шаршағандікі ме көз алды бұлдыр тартып, жұмылып кете берді. Кенет орнына атып тұрып, мылтықты жатқан жерінен жұлқи көтеріп, біраз жерге лақтырып жіберді де, бүкшендеп лашығына қарай беттеді. Лашығына кіре бере, ұзынынан сұлап жата кетті де, кештің түсуін күтті. Күтіп жатып, көзі ілініп, тағы ойға батты.

Сол жылдары Сағи қарттың қоймада күзетші қызметін атқарып жүрген кезі еді. Міне күзетінде тұрған Сағи. Нарынбет ауылының астық қоймасының бес - алты жылдан бергі дүрдей бір үлкен күзетшісі. Кенет қойма алдына милиция машинасы зу етіп келіп тоқтай қалды. Ішінен ауыл әкімі құтырған иттей атып шығып, Сағидың жағасынан ала түсті.

(жалғасы келесі санда)





«НАТЮРМОРТ»
(АКВАРЕЛЬ)





БАУЫРЛЫҚТАН БАС ТАРТУ МА?



Бауыр - туғандарымыздың ішіндегі жанымызға жақын, кимас жандарымыздың бірі. Қазақ кинематографиясындағы «жаңа толқынның» белгілі кино режиссері Серік Апрымовтың да осы аттас картинасы көгілдір экранға жол тартты. Қазақы жанға жақын бұл туыстық атаумен жарық көрген туындының да кино сүйер қауымға айтар ойы, жан айқайы, өзіндік мұны жеткілікті. С.Апрымовтың «Бауырынан да» сол «Қияндағы», сол «Ақсуаттағы» ауылдың көрінісін, жай - жапсарын, тұрмыс-тіршілігін, ортада

өрбитін әлеуметтік мәселелерді аңғарамыз. Заман өзгеріп, еліміз алға қарай қадам басып өрбуде, 90-шы жылдардағы құлдырау артта қалды, ауылдың жағдайы жақсарып, адамдардың ниеті, беті бері қарай бұрылды дейміз-ақ. Соңғы жылдары түсіріліп жатқан туындыларды көріп, көңіліміз марқайып, қаланың әдемілігіне тамсанып, зәулім үйлер мен көздің жауын алатын алып шаһарларды көріп, еліміз әлдеқайда жақсарды дейтініміз тағы да бар. Ал, ауылды қайда қалдырамыз? Жоқ! Әлі де сол жұпыны қазақ ауылы. Материалдық деңгейі өзгергенмен, рухани азықтан айыурылудың ар жақ бері жағында тұр. Өзекті мәселеге айналып отырған осы жайт фильмде белең алды.

Ата-анасынан айырылған бала, бауырдың қадірін түсінбейтін жандар, ащы судың қызығын көріп, махаббаттың кермек дәмінің бір күндік балын татып соған масаттана тойып жүрген ұстаздар, өмірін құмар ойындармен айырбасқа түсіріп, қарызданып-қауғаланып күй кешіп жатқан пенделер қатары... Музыканың сүйемелдеуінсіз тек дыбысқа құрылған картинаның атмосферасы кино тілі арқылы кейіпкерлердің күнделікті тұрмыс жағдайын бейнелейді.

Бас кейіпкер Еркін - балалық шағынан ерте айырылған. Жетімдіктің күнін кешіп жатқанына қарамастан, бойында жігер, көзінде от, кеудесінде жалын бар. Ол осы жағдайы үшін еш моймайды да. Әке-шешенің аялы алақаны мен ыстық махаббатына бөленбесе де, ағаға деген, қандас бауырына деген шексіз сүйіспеншілігі жеткілікті. Жасының кішілігіне қарамастан, ауыр жұмыс жасап, ақша тауып айналасындағыларға жалғыз емес екендігін дәлелдегісі келеді. Өмірде тығылып күн кешуге болмайтынын, ана қабірі басына құран бағыштауды, ер мойнында қыл арқанның шірімейтінін, тағдыры өзінің қолында екенін әлдеқанан санасына түйген. Балалық дәуреннің ауылынан әлдеқайда жырақ қалған ойын баласы бүгінде ересек адамдарша күн кешуде. Сайқымазакты көрген Еркін уайымсыз күндерді, балдәурен шағын аңсайды, сол уақытты кері қайтарғысы келеді. Алайда, оған оралар жол жоқ. Кейіпкерді өмірдің басқа жолы күтуде. Ағасы Айдар болса, інінің қадіріне жетпеген.

Режиссер болашақ ұрпақтан зор үміт күтеді. Қазіргі таңда Еркін мен Айдардың санатындағыдай өмір сүріп жатқан боздақтарымыздың қатары қаншама десенізші. Олар өз орталарының қатаң заңдылықтарына мойымайды, ата-әженің ықыласына, әке-шешенің құрметіне бөленбесе де, өмірде қабырғалары қайыспайды. Бойларында келешекке деген арман мен үміттің жалыны бар. Туындының басты идеясы мен мақсаты да осыны көрермен жүрегіне жеткізу, санасына құю. Отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Болашақ ұрпаққа деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа дүниенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Осы қасиеттерден шеттеп қалған ұрпақ қалайша болашақтың ірге тасын қаламақ? «Бауырым» деп кімді бауырына баспақ?

С.Апрымовтың режиссерлік концепциясы мен драматургиялық шешімдері, суреткерлік өнері экранда өз орнын тауып, атағын шет елдерде де мойындатып жүргенінің күпиясы да осында. Әр туындысында қарапайым адамдардың тұрмысын көрсетуі арқылы шешімін таппайтын әлеуметтік мәселелерді көтеріп, киноның тілімен сайратады. Кадр соңындағы ұзақ жол Апрымов кейіпкерлерінің ертегіне деген сенімділігін, болашағына деген үмітін оятады. Ұлттық киноның шынайы жан күйерлері де режиссердің де шығармашылық жолы тоқтамасын деген армандарының бар екенін жасырмайтыны айқын.





«ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ КҮН» АСТАНАЛЫҚ САХНАДА



Өзіміздің кең-байтақ жерімізде о дүниеге аттанған адамды жерлейтін бір уыс топырақ қалмағаны ма? Ата-бабадан ғасырлар бойы келе жатқан салт-сананың лайлануына кімдер кінәлі, мәңгүрттіктің індетіне шалынған ұрпақтың ертеңгі өмірі не болмақ?

